

## Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 343 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1256 қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативіне сәйкес, Мәртөк ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 272 "Мәртөк ауданының шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектепке тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 05 тамызында № 4455 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Күзембаеваға жүктелсін.

*Аудан әкімі:*

*Н. Қалауов*